



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 3 желтоқсан N 1557

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне терроршылдыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексіне

К970167_

(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат):

1) 164-бапта:

бірінші бөлікте:

"жүз" деген сөз "бір мың" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір айға" деген сөздер "он айға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"дәл сол мерзімге" деген сөздер "бес жылға дейінгі мерзімге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

"жүзден үш жүз" деген сөздер "бес жүзден үш мыңға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бір айдан үш айға" деген сөздер "бес айдан бір жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"дәл сол мерзімге" деген сөздер "екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қастандық жасау Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне оның мемлекеттік қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында қастандық жасау, -

он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады."

3) 170-бапта:

бірінші бөлікте "үш жылға" деген сөздер "бес жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте "бес жылға" деген сөздер "жеті жылға" деген сөздермен ауыстырылсын.

4) 233-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"233-бап. Терроризм

1. Адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті басқа зардаптардың болу қаупін төндіретін жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл осы мақсатта жасаймын деп қорқыту, -

төрт жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет;

ә) атыс қаруын қолдана отырып жасалса, -

жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер,

егер оларды:

а) жаппай қырып-жоятын қаруды, радиоактивтік материалдарды қолдануға немесе қолданамын деп қорқытуға және жаппай уландыруды, эпидемия мен эпизоотияны таратуды, сондай-ақ адамдардың жаппай опат болуына әкеп соғуы мүмкін өзге де іс-әрекеттерді қолдануға және қолданамын деп қорқытуға ұштасса;

ә) абайсызда адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқса, - он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында адамның өміріне қастандық жасау, сондай-ақ дәл сол мақсатта, сондай-ақ оның мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек ету мақсатында мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне қастандық жасау, -

он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге не өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту. Терроризм актісін дайындауға қатысқан адам, егер ол мемлекеттік органдарды дер кезінде ескертуімен немесе басқа жолмен терроризм актісінің жүзеге асырылуын болдырмауға жәрдемдессе және егер оның іс-әрекетінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылады."

5) мынадай редакциядағы 233-1, 233-2-баптармен толықтырылсын:

"233-1-бап. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария шақыру

1. Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария шақыру, сондай-ақ көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату, - бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Өзінің қызметтік жағдайын пайдаланып не қоғамдық бірлестіктің басшысы не бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып дәл сол әрекеттерді жасаған адамдар, - үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

233-2-бап. Террорлық топты құру және оған басшылық ету

1. Террорлық мақсатты көздейтін қылмыстарды жасау үшін топ құру, сондай-ақ оған басшылық ету - мүлікті тәркілей отырып немесе онсыз сегіз жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Террорлық топтың қызметіне немесе ол жасаған террорлық актілерге қатысу, - мүлікті тәркілей отырып немесе онсыз алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып жасаған адам не қоғамдық

бірлестіктің басшысы осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттерді жасаса, -

мүлікті тәркілей отырып немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

б) 242-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Дайындалып жатқан терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау,-".

7) 247-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"247-бап. Радиоактивтік материалдармен заңсыз жұмыс істеу

1. Радиоактивтік материалдарды заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау, қолдану, бүлдіру немесе көму, -

екі жылға дейінгі мерзімге бостандығын шектеуге, үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Радиоактивтік материалдарды заңсыз сату, сондай-ақ сату мақсатымен

радиоактивтік материалдарды заңсыз сатып алу, сақтау, тасымалдау, -

екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Абайсызда кісі өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер, -

үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады."

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу

Z970206_

кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат):

192-бапта:

бірінші бөлікте:

"223" деген саннан кейін "233-1, 233-2," деген сандармен

толықтырылсын;

"242-244" деген сандар "243, 244" деген сандармен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

", 164" деген сан алынып тасталсын;

"241" деген саннан кейін "242" деген санмен толықтырылсын;

"250-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздер алынып тасталсын;

"259 (екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде)" деген сөздер "259 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"307, 308" деген сандар "307 (бірінші бөлігінде), 308 (бірінші бөлігінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"311" деген сандар "311 (бірінші және екінші бөліктерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-1-бөлігі мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 164, 250 (екінші және үшінші бөліктерінде), 259 (үшінші және төртінші бөліктерінде), 307 (екінші және үшінші бөліктерінде), 308 (екінші және үшінші бөліктерінде), 311 (үшінші және төртінші бөліктерінде) көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеуді қылмыстық іс қозғаған ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізеді."

3. "Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Z944000_ Заңына (Жоғарғы Кеңестің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2001 жылғы 22 тамыздағы "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қылмыстық-атқару жүйесін реформалау және осы жүйе қызметкерлерінің мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Z010244_ Заңы):

1) 11-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- ақпаратты заңсыз алуға қондырғы іздеу";

2) 12-баптың 5-тармағындағы "ұйымдарының" деген сөзден кейін ", сондай-ақ терроризмнің" деген сөздермен толықтырылсын.

4. "Терроршылдыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Z990416_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1999 ж., N 19, 649 - құжат):

1) 1 - бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"терроршылдық - қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында не мемлекеттік, не қоғамдық қызметкерлердің қызметін тоқтату немесе осындай қызмет үшін кек ету мақсатында жеке тұлғаларға немесе ұйымдарға қатысты қылмыстық жазаланатын зорлық жасау немесе зорлық жасаймын деп қорқыту";

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) халықаралық терроршылдық қызметі - терроршылдық қызмет: терроршыл немесе терроршылдық ұйымдармен кемінде бірнеше мемлекеттің аумағында немесе бірнеше мемлекет мүддесіне шығын келтіретін; бір мемлекеттің азаматтарымен басқа мемлекеттің азаматтарына немесе басқа мемлекеттік аумағына қатысты;

терроршыл да және терроршылдық құрбаны да бір және сол мемлекеттің немесе әртүрлі мемлекеттің азаматтары болып табылған жағдайда, бірақ қылмыс осы мемлекеттердің аумағының шегінде жасалғанда;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) террорлық акция - террорлық актісін тікелей немесе террорлық мақсаттарды көздейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарында көзделген өзге де қылмыстар."

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) террорлық акт - жарылыс жасау, өрт қою немесе өзге де іс-әрекеттер, адамдардың қаза табуы, едәуір мөлшерде мүліктік залал келтіру немесе қоғамға қауіпті зардаптардың тууы, егер сондай іс-қимылдар қоғам қауіпсіздігін бұзу, халықты қорқыту, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында, сондай-ақ адам өміріне, сондай мақсатта жасалған, сондай-ақ мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне қастандық жасау, оның мемлекеттік немесе саяси қызметін тоқтату немесе осындай қызмет үшін кек ету мақсатында жасалған немесе жасаймын деп қорқыту;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) терроршылдық ұйымдар - терроршылдық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған немесе өзінің қызметінде терроршылдықты пайдалану мүмкіндігін мойындайтын ұйым. Ұйым, егер ұйымның басқаратын органының бірі білгенде, оның құрылымдық бөлімшесінің бірі террорлық қызметті жүзеге асырғанда террорлық болып табылады;"

8) тармақшадағы "терроршылдарды зиянсыздандыру," деген сөздерден кейін "жарылғыш қондырғылар," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7 - бапта :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өтуге әрекеттенген, мемлекеттік шекара арқылы заңсыз қару-жарак, жарылғыш, уландыратын, психотроптық заттарды, радиоактивтік материалдарды және террорлық акция жасау үшін пайдалануы мүмкін өзге де заттарды орналастыруды" деген сөздермен толықтырылсын ;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әуе, су және жер

кеңістігінің қауіпсіздігін, терроршылдыққа қарсы операциялар жүргізуді қамтамасыз етуге қатысады."

3) 21-бапта:

бірінші абзацтағы:

"Терроршылдыққа қарсы күресті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Бас прокурорының" деген сөздерден кейін "қолданыстағы заңдарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын; төртінші абзац алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.